

**«2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара
маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік
шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы
хаттаманы ратификациялау туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша**

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының Құқықтық сараптама бөлімі «2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Жоғарыда аталған Хаттамаға 2018 жылғы 9 қарашада Петропавл қаласында қол қойылды.

Хаттама жоғарыда аталған Келісімнің № 3 қосымшасына өзгерістер енгізуге бағытталған.

Заң жобасын әзірлеушілердің пікірінше, оны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды, сондай-ақ республикалық бюджет есебінен қаржы шығындарын талап етпейді.

Заң жобасы бойынша ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалар жүргізілген.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 4 тармағына сәйкес бұл Хаттама ратификациялануға жататын халықаралық шартқа жатады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі 2019 жылы 26 маусымда мақұлдаған Хаттама Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді және «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келеді.

**Құқықтық сараптама
бөлімінің меңгерушісі**



Н. ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ